



Автор: Дюсекова Нуржан Рашевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар орындай алады: бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыра алады |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады: ондық бөлшектерді дұрыс оқи алады, жаза алады Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: сандар-числа-numbers бөлшек – дробь – Ондық бөлшек – десятичные дроби – |
| Күтілетін нәтиже: | Ондық бөлшекті оқуды және жазуды орындай біледі |
| Бағалау критерийлері: | Ондық бөлшек ұғымын түсінеді. Ондық бөлшектерді ажыратады. Ондық бөлшектерді оқиды. Ондық бөлшектерді жазуды біледі. Жай бөлшектерді ондық бөлшекпен жазуды меңгереді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Жалпыға бірдей еңбек қоғамы |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | компьютер арқылы видео есептер көре аламыз |
| Пәнаралық байланыс: | Орыс тілі, ағылшын тілі |
| Бастапқы білім: | Жай бөлшектерді, аралас сандарды оқуды, жазуды біледі. Осы игерілген алдыңғы білімдер арқылы «5.1.1.13» тақырыбында қолданады |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|--|-----------|
| Сабақтың басы | Психологиялық тренинг. Салем достым! (амандасады) Сен қалайсың? (иықтарынан қағады) Қайда болдың? (құлақтарынан тартады) Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды) Сен келдің (қолдарын жаяды) Жақсы болды (құшақтайды) Топқа бөлу. (Оқушылар 1-10 ға дейін цифрларды таратып , жұп және тақ 2 топқа бөлінеді) Өткенді қайталау. Сәйкестендір: Дұрыс бөлшек 5 Бұрыс бөлшек Аралас сан Қалыптастырушы бағалар жүргізіледі | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы | <p>Тақырыпты түсіндіру</p> <p>1-топ 2-топ 202 203 бетті оқыңдар.</p> <p>Қандай қорытынды шығаруға болады?</p> <p>1)Аралас сандар мен оған тең ондық бөлшектер бірдей оқылады.</p> <p>Мысалы: және 1,4 2)Ал жай бөлшекпен ондық бөлшектер әртүрлі оқылады.</p> <p>Мысалы: және 0,7 1Тапсырма: Математикалық диктант (ондық бөлшектерді жатқа жазу)</p> <p>1. Нөл бүтін оннан тоғыз; 0,9 2. Нөл бүтін жүзден он жеті: 0,17 3. Нөл бүтін жүзден үш; 0,03 4. Екі бүтін мыңнан үш жүз он бес; 2,315 5. Үш бүтін жүзден бес; 3,05 Ұшақтың қанатына дұрыс немесе қате екенің әрбір оқушы белгі қояды. (+,-) 2 рет лақтыру арқылы анықтау. Жеке жұмыс:</p> <p>2тапсырма: Берілген бөлшектерді ондық бөлшек түрінде жазыңдар: 1) ; 2) ; ; 3) Ауада сегіз санын салу.</p> <p>Бірінші - оң қолмен 3 рет, екінші - сол қолмен 3 рет, үшінші - екі қолмен 3 рет.</p> <p>Осы жаттығуларды бірнеше рет қайталау.</p> <p>3 тапсырма: «ДОМИНО» ойыны.</p> <p>I топ: Доминоның сол жағында ондық бөлшектер, ал оң жағында жай бөлшектер.</p> <p>II топ: Доминоның сол жағында жай бөлшектер, ал оң жағында ондық бөлшектер.</p> | |
| Сабақтың соңы | <p>Бүгінгі сабақта болған көңіл - күйді бет - әлпеті салынған суреттерді таңдау.</p> | |
| Рефлексия | <p>Түсінбедім</p> <p>Сұрағым бар</p> <p>Түсіндім</p> | |